

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің  
кезектен тыс жалпы жиналысында дауыс берудің қорытындылары туралы  
ХАТТАМА**

010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Қоғам») акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 1201 конференц-зал, 12-ші қабат мекен-жайы бойынша 2015 жылдың 13 сәуірінде өткізілді.

Қоғамның жиналысында қатысып отырды:

1. 43 087 006 қарапайым акциялардың иесі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дан «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы өндіріс жөніндегі департаментінің орынбасары Тебериков Дамир Данилбекұлы қатысып отырды (2015 жылғы 10 сәуірдегі № 2-57 сенімхат бойынша).

2. Қарапайым акциялардың номинальдық ұстаушысы Deutsche Bank Trust Company Americas-тен (Қоғамның депозиттік банкі) 7 753 213 қарапайым акциялар иелерінің өкілі ретінде Климова Евгения Сергеевна қатысып отырды (2015 жылғы 8 сәуірдегі сенімхат бойынша).

Жиыны: Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан 72,4 %-ға ие екі акционер (АО «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, Deutsche Bank Trust Company Americas) қатысты.

Акционерлер жиналысының кворумы бар.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында дауыс беруге қойылған мәселелер бойынша Қоғамның есептеу комиссиясы дауыс берудің мынадай қорытындыларын шығарды:

**1. Жиналыстың төрағасын сайлау туралы.**

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы өндіріс жөніндегі департаментінің орынбасары Тебериков Дамир Данилбекұлы Қоғам жиналысының төрағасы болып сайлансын.

**2. Жиналыстың хатшысын сайлау туралы.**

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

**Шешім қабылданды: Қоғамның корпоративтік хатшысы Жексенбиев Айдар Нұрланұлы Қоғам жиналысының хатшысы болып сайлансын.**

**3. Жиналыста дауыс берудің тәртібі мен нысанын белгілеу туралы:**

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;

- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды: Қоғам Жиналысы күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру тәртібі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 50 бабының 1 тармағына сәйкес, дауыс беру нысаны – ашық тәсілмен белгіленсін.**

#### **4. Жиналыс жұмысының регламентін белгілеу туралы:**

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды: Қоғам Жиналысының мынадай жұмыс регламенті белгіленсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге он минут дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге – бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есептеу комиссиясына жеті минутқа дейін.**

#### **5. Күн тәртібін бекіту туралы:**

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 50 840 219 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды: Жиналыстың мынадай күн тәртібі белгіленсін:**

- 1) Директорлар кеңесінің сандық құрамын белгілеу;**
- 2) Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімін анықтау;**
- 3) Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау;**
- 4) Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өздерінің міндеттерін орындау үшін сыйақылар төлеудің және шығындарын өтеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу;**
- 5) Жалпы жиналыстың есептеу комиссиясы туралы.**

**6. Жиналыс отырысы күн тәртібінің директорлар кеңесінің сандық құрамын анықтау туралы бірінші мәселесі бойынша.**

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 50 840 219 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды: Қоғам директорлар кеңесінің сандық құрамы 8 адам болып белгіленсін.**

**7. Жиналыс отырысы күн тәртібінің директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзімін белгілеу туралы екінші мәселесі бойынша.**

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 50 840 219 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды: Директорлар кеңесінің өкілеттіге мерзімі 2015 жылдың 13 сәуірінен бастап 2016 жылдың 13 сәуірін қоса алғанда бір жылға белгіленсін.**

**8. Жиналыс отырысы күн тәртібінің директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы үшінші мәселесі бойынша.**

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе кумулятивтік дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 406 721 752 дауыс.

**Дауыс берді:**

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат	Берілген дауыстардың саны
Хопкинсон Кристофер Саймон	49 978 751 дауыс
Хиллман Кёртвуд Стоун	49 978 751 дауыс
Бимағамбетов Тимур Мұстахиұлы	6 891 745 дауыс
Жанғаулов Ержан Арыстанбекұлы	49 978 751 дауыс
Сырғабекова Әсия Нарыманқызы	49 978 751 дауыс
Нүрсейітов Абат Ақмұқанұлы	49 978 751 дауыс
Уолш Эдвард Томас	49 978 751 дауыс
Дэйер Филип	49 978 751 дауыс
Фергюсон Аластер	49 978 750 дауыс

**Жиналыстың шешімі кумулятивтік дауыс берумен қабылданды:**

**Қоғам директорлар кеңесінің мына құрамы сайлансын:**

1. Хопкинсон Кристофер Саймон – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ өкілі;
2. Хиллман Кёртвуд Стоун - «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ өкілі;
3. Сырғабекова Әсия Нарыманқызы - «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ өкілі;
4. Жанғауылов Ержан Арыстанбекұлы - «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ өкілі;
5. Нүрсейітов Абат Ақмұқанұлы – Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы);
6. Фергюсон Аластэр Муир - тәуелсіз директор;
7. Уолш Эдвард Томас– тәуелсіз директор;
8. Дэйер Филип Эндрю – тәуелсіз директор.

**9. Жиналыс отырысының Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өздерінің міндеттерін орындауы үшін сыйақылар төлеудің және шығындарын өтеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу туралы төртінші мәселесі бойынша.**

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 50 840 219 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**

**1. Директорлар кеңесінің мүшелеріне – тәуелсіз директорларға олар Қоғамның директорлар кеңесіне сайланған күннен бастап сыйақылар төлеудің мынадай мөлшерлері мен шарттары белгіленсін:**

**1) Жылдық сыйақы – жылына 150 мың АҚШ доллары;**

**2) Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатысу (бір мәжіліс үшін):**

**Тікелей қатысу – 10 мың АҚШ доллары;**

**Телефон немесе бейне байланыс арқылы қатысу – 5 мың АҚШ доллары.**

**3) Директорлар кеңесінің комитетінде төрағалық ету (жылына):**

**Аудит жөніндегі комитет – 25 мың АҚШ доллары;**

**Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет – 15 мың АҚШ доллары;**

**Сыйақылар жөніндегі комитет – 15 мың АҚШ доллары.**

**4) Тәуелсіз директорлардың мәжілісі – бір мәжіліс үшін 2,5 мың АҚШ доллары.**

**2. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына жоғарыда баяндалған жағдайларда Қоғамның тәуелсіз директорларымен шарттарға Қоғамның атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.**

**10. Жиналыс отырысының жалпы жиналыстың есептеу комиссиясы туралы бесінші мәселесі бойынша.**

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 50 840 219 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды: Қоғамның есептеу комиссиясының мүшелері Әлімов Жамбыл Сәбитұлы мен Нұрғалиев Ғабиден Қасымбайұлының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын және Аяғанова Гүлнар Оқтябрқызы мен Әлиакпарова Айгүл Алтынбекқызы Қоғамның есептеу комиссиясының жұмыс істеп тұрған құрамының өкілеттігі мерзіміне сәйкес өкілеттік мерзімге Қоғамның есептеу комиссиясының мүшесі болып сайлансын.**

**Есептеу комиссиясының мүшелері:**

\_\_\_\_\_ **Е. Райымбеков**

\_\_\_\_\_ **Г. Аяғанова**

\_\_\_\_\_ **А. Әлиакпарова**